

Егіннен неғұрлым мол өнім алудың ең негізгі және шешуші шарттарының бірі—алдағы көктемгі егіске әзірлік жұмысының барлық саласын мейлінше күшейтіп, оны жақсы өткізу болып саналады. Сондықтан көктемгі егіске барлық жағынан ойдағыдай әзірленіп, оны үлгілі өткізу үшін, сөйтіп егіннен мол өнім алудың берік негізін жасау үшін барлық күш-күралды жұмсай білу керек.

## Барлық күш көктемгі егіске ойдағыдай әзірленіп, оны үлгілі өткізуге жұмсалсын!

қмола облысының ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлы адамдары мен мамандарының облыстық мәслихатында ҚК(б)П Орталық Комитетінің Секретарі Ж. Шахметов жолдастың сөйлеген сөзі\*)

1945 жылғы егіс егілетін жерді талдап іріктеп алу мәселесі колхоз басқарушының мәжілісінде қаралғаннан кейін, іхозшылардың жалпы жыйлысында талқылып, бекітілуге тиіс. Мұнымен сіздер іхозшыларды егіннен мол өнім алу ісі күнделікті әзірлейсіздер, өйткені әрбір іхозшы, әсіресе егде колхозшы өз жеке жұмысы біледі және әуе райы қандай тәуір болса да егіннен өнім алуға қатысты сенеді. Бұдан кейін шаралар әрбір колхоз бойынша колхоз басқармасы председателінің оның егін шаруашылығы жөніндегі орынбасарының, бригадалары мен трактор бригадалары бригадирлерінің, агропостарлардың, тәжірибеші үш-төрт колхозшы мен колхозшы иінің, МТС директорларының қатысуымен аудандық партия комитетінің бюросы және аудандық совет атқомында қарар беріліп, бекітілуге тиіс.

Мәселе осылай талқыланып, қаралғаннан кейін алдағы көктемгі егіске әзірлік жұмысының барлық көлемі әрбір колхозға, хоз бен МТСқа айқын болады. Бұл жұмысты орындау ісін партия, комсомол, колхоз, совет, жер орындары, колхоздар, совхоздар мен МТС-тардың басқарушылары, барлық колхозшылар дереу қолға алуға тиіс.

Жолдастар! Бұл істің шешуші маңызы бар екендігін ең алдымен сіздердің өздеріңіздің түсініп, бұл шараларды жүзеге асыру ісін жігермен, ынтымен, толық сеніммен қолға алуларыңыз үшін, бұл мәселенің маңызын айтып, дәлелдеу үшін оған талдап тоқталдым.

Жігерлене, шын сеніммен кіріспейтінше, бұл іске байланысты қиыншылықтарды жеңе алмайтындықтарыңызды, істі өркендеті алмайтындықтарыңызды есте сақтаңыздар. Жер өзіне жеңіл-желпі қарауды сүймейді, ол тыңғылықты жұмыс істеуді керек қылады, міне сонда ғана ол мол өнім береді.

Егіс алаңын қарап, осылай орналастыруды ауыл шаруашылық егістерін, әсіресе жазғы бидайды, сұлыны, арпаны, тарыны дұрыс жоспарлау ісімен ұштастыра білу керек. Өйткені Ақмола облысы республикамыздың аса ірі астықты облыстарының бірі.

Жергілікті жердегі жолдастар егіс алаңын, әсіресе дәнді егісті жоспарлап, орналастыру ісін қолда бар тұқымға тәуелді етіп қояды. Бұл дұрыс емес және бұл сыяқты өдісті мүлде жою керек. Бұл сыяқты жоспарлау біздің социалистік жоспарлы шаруашылығымызбен ешбір қабыспайды, тіпті керісінше, біздің жоспарлы шаруашылығымыздың өдісіне қайшы келеді.

Тұқым учаскелерінің меңгерушілері егін шаруашылығының бұл аса маңызды саласы үшін күрес жүргізуге тиіс. Тұқым шаруашылығында большевиктік тәртіп орнату

керек. Өйткені тұқым шаруашылығын жоғары дәрежеге көтермейтінше біз егін шаруашылығын дұрыс жүргізе алмақ емеспіз.

### Агротехника мәселесі

Жолдастар, қысқы агротехника жөнінде бірнеше сөз айтпақпын. Бұл мәселе жөнінде көп тоқталмаймын. Өйткені бұл мәселенің маңызы аздағандай емес, бұл жөнінде көп айтылғандығынан тоқталғым келмейді. Мен сіздердің назарыңызды мына екі мәселеге аударғым келеді.

Біріншіден, күзгі егіс жерінде қар тоқтату жұмысын жүргізу керек, екіншіден, колхоздардың жерін көріп, іріктеп алу нәтижесінде белгіленген алаңға қар тоқтату

және көң тасу жұмысын жүргізу керек болады. Өйткені өздеріңіз айтқандай, жерді осылай талдап көру нәтижесінде ең алдымен қандай алаңға қар тоқтату және көң тасу қажет екендігі сіздерге айқын. Мұнымен сіздер өз жұмыстарыңызды тырнақтап, жеңілдетесіздер.

Қысқы агротехника мәселесімен осылай шұғылдануды мен өте дұрыс және тынымды деп есептеймін.

### Ауыл шаруашылығын өркендетуде МТС-тың атқаратын жұмысы

Біздің социалистік ауыл шаруашылығымыз соғыс жағдайында да жоғары механизацияланған, алдыңғы қатарлы машина техникасымен қаруланған шаруашылық болып отыр. Колхоздар мен совхоздардың қолында орасан көп трактор және ауыл шаруашылық машиналарының паркі бар. Біздің ауыл шаруашылық өндірісінің табысты болуы көбінесе тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының жұмысты сапалы істеуіне байланысты.

Ақмола облысының МТС-тарында 1442 трактор, 874 комбайн бар. Облыстың бірсыпыра МТС-ы өткен жылдармен салыстырғанда, өз жұмысын едәуір жақсартқандығын сөзсіз. Бұл жөнінде Жаңбаев жолдас өзінің баяндамасында ерекше талдап айттың берді.

Дегенмен, жұмысты жақсы істейтін МТС тармен қатар бізде жұмысты нашар істейтін МТС-тар аз емес және өзінің жұмысын соғысқа дейінгі кезеңдегіден де нашарлатқан МТС-тар да бар.

МТС-тардың жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі ауыл шаруашылығын өркендету ісінде МТС-тың алатын орнын МТС директорларының жете түсінбеуі болып саналады. Көптеген МТС-тар жұмысқа жерге айналдырғанда трактормен істелетін жұмыс жоспарын орындаумен ғана әуестеніп, жерді жоғары сапалы жұмыстау және егіннен өнім алу ісін ұмыт қалдырып жүр.

Мысалы, Макин ауданының Сталин атындағы МТС жұмысқа жерге айналдырғанда трактормен істелетін жұмыс жоспарын 102,1 процент орындады, ал осы МТС-тың қамтуындағы колхоздарда астық тапсыру жоспары небары 42 процент ғана орындалды. Жоспар бойынша 93 мың пентнерден бұл МТС-тың қамтуындағы колхозлар мемлекетке небары 40 мың пентнердей ғана астық тапсырды. МТС колхоздары өздері егіс тұқымымен де қамтамасыз еткен жоқ. 18 мың пентнердей тұқым керек болса, 12,5 мың пентнерден аз-ақ артық тұқым құйылды.

Бұл жағдай МТС жұмысы жұмысқа жерге айналдырғанда тракторлармен істелген жұмыс көлеміне қарай бағаланатындығын көптеген МТС директорларының керісінше ұғынғандығынан болып отыр. Олар бұл жұмыстың егіннен өнім алу ісіне бағыттау орнына, астыққа қарсы жұмысқа, тракторлармен жерді сапалы жұмыстамайтын болып жүр. Комбайндарды бір жерге қойып астық бастыру жұмысын да МТС жұмысқа жерге айналдырғанда істелген жұмыс деп есептейтін көінеді.

Бұған ең алдымен жергілікті партия, совет және жер орындары кінаді. Өйткені бұлар жерді сапалы жұмыстау ісінде МТС директорларына қатты талап қоймай отыр.

МТС директорларына қойылатын ең б.

рінші және маңызды талап—арам шөбі көп жұмысқа жерді еш қашанда жыртып, тын және тыңайтылған жерді жыртып болып қалдырмау.

МТС директорларына мұндай талапты қашан және қалай қоюмыз керек?

Жоғарыда айтқандай, әрбір колхозда жерді талдап және іріктеп алу нәтижесінде МТС-тың қандай жерді қандай агротехника бойынша жұмыстауға тиіс екендігін анықтаған жағдайда ғана біз осындай талап қоя аламыз. Міне сондықтан да әрбір колхозда жердің не күйде екенін біліп алу біз үшін өте-өте маңызды іс.

МТС алдына қойылатын екінші бір ерекше маңызды талап—МТС-тың колхоздармен жасаған шартының сөзсіз орындалуы болып саналады. Бұл шартта МТС-тың қандай алаңды агротехникалық қандай түрмен жұмыстауға тиіс екендігі нақтылы көрсетілуі керек. Бұл алаң колхоздардың келесі жылы егін егетін жерін талдап көріп, іріктеп алу нәтижесінде белгіленеді. Егер осындай талаптар сөзсіз қойылатын болса, онда МТС трактор паркі жөндеу және қалпына келтіру ісіне басқаша қарайтын болады.

Қазіргі уақытта тракторларды жөндеу жұмысының қарқыны жағынан да, әсіресе сапалылығы жағынан да бұл талаптарға сай емес екендігін айтуға тиіспіз.

Тракторларды сапалы жөндеу үшін жөндеу жұмысының қарқыны жағынан да, әсіресе сапалылығы жағынан да бұл талаптарға сай емес екендігін айтуға тиіспіз. Тракторларды жөндеу жұмысының сапалы болуы және әсіресе әрбір трактордың жұмыс үстінде өнімді жұмыс істеуі жөнінде де жауапкершілігін сезетіндей етіп істі шын мәнінде ұйымдастыру керек.

Мұнымен қатар, тракторшыларға да талап қою қажет. Олар колхозшылар және колхоз жерін жұмыстайтын адамдар. Сондықтан да егіннен мол өнім алу жолында олар ерекше күш-қайрат жұмыстауға тиіс. Бірақ олар белгілі тапсырма алумен ғана тынып, өз колхозы алдындағы жауапкершілігін кейде ұмытып кетеді. Осыған байланысты, тракторларды жөндеу сапасы жөнінде тағы да атап көрсету қажет болады. Жөндеу жұмысының қарқынын арттыру үшін күрес жұмыстың сапасы жөнінде қойылатын талапты ешбір бәсеңдетпейді. Тракторларды сапасыз жөндеген және жөндеу жұмысының сапасыз болуына төзімділік жасаған адамдар мемлекет алдында кешіргісіз қылмыс істеген болып табылады.

(Жалғасы 2-бетте)

### Тұқым әзірлеу және оны күй

Егіннен мол өнім алу үшін күресте тұқым ерекше маңызы бар. Жерді таңдап және іріктеп алғанда және егіс тұқымының таңдауы әзірлеген жағдайда ғана егіннен мол өнім алуға болады.

Егіс тұқымы жөнінде қойылған барлық талап толық сәйкес тұқым күйі егіннен өнім алудың аса маңызды және негізгі шарты болып саналады. Егер де жақсы жерге еккенмен колхоз есе совхоздың астық ала алмай жүрсе екендігі мысал аз емес. Өйткені колхоз есе совхоз сапасыз тұқым себеді. Егіннен өнім алынбаумен қатар, бұл таза арам шөптің қаулап шығуына, егісінде түрлі кеселдердің жайылуына және егін шығымының көмуіне әкеліп соғады. Міне сондықтан да қазіргі күйілген тұқымды өте ұқыптылықпен тазартып, оныгік сапасына толық жеткізу қажет, сөйбірде-бір килограмм тұқымның бүлінуіне е ұрлануына жол бермеу керек.

Егіс тұқымы жөніндегі екінші бір аса маңызды міндет—астықтың әрбір түрі боша тұқымды толық күйіп алу.

1944 жылғы көктемгі егіс басталғаннан бері облыс егіс тұқымымен небары 70 цент, ал мына сыяқты аудандар, Ма-ауданы 45,5 процент, Калинин ауданы процент ғана қамтамасыз болды. Бірақ колхоздар егіс тұқымымен 30-40 цент ғана жабдықталды.

Бұл бәрі облыстың мемлекеттен қалай тұқым алуға мәжбүр болуына және емігі егістің қауырт кезінде колхоздар едәуір тасымал күші мен адамдары-тұқым тасу жұмысына бөлінуіне әкел-соқты.

Облыста колхоздарды 1945 жылғы егіс жұмымен қамтамасыз ету ісі де ойдағы-болмай отыр. Облыс колхоздары егіс жұмымен 80,2 процент ғана қамтамасыз і. Көптеген аудандар мен колхоздар-егіс тұқымы тіпті аз. Бұл жөнінде Жаң-жолдастың баяндамасынан өздеріңіз-түсініңіздер.

Қысқы осындай жеткіліксіз болуына-анысты, колхоздар мен совхоздардың-ір басшылары тағы да қарызға тұқым-імес пе екен деп ойлайды. Бұған Ақ-

мола ауданының Буденный атындағы колхозының председателі Алпысбеков жолдас-тың мәлімдемесі дәлел бола алады. Ол: «350 центнер бидай тұқымы жетпейді, бұл жөнінде аудандық ұйымдарға өтініш беріл-ді» дегенді айтады.

Мұндай «өтініш беру» және қарызға тұ-қым беріледі деп дәмелену пирғылы тек бір-ғана Алпысбеков жолдасын ғана емес, өз-дерін егіс тұқымымен қамтамасыз етпеген-колхоздар мен аудандардың көптеген бас-шыларының басында болып отырған іс.

Азмұнша болса да ешқандай егіс тұқы-мы жөнінде дәмелену керекі жоқ екендігін-сіздерге күні бұрын ескертуге тиіспіз. Сон-дықтан әрбір колхоз, совхоз бен аудан өз-дерін тұқыммен қамтамасыз ету үшін бар-лық шараларды қолдануы керек. Облыста-мұндай мүмкіншіліктің бар екендігі сөзсіз. Бұл мүмкіншілікті сарқа пайдалану керек. Тұқым түсетін барлық мүмкіншілікті қарас-тыру қажет. Осындай тыңғылықты жұмыс-істемейтінше егіс тұқымынсыз қалу сыяқты-үлкен хауып бар.

Тағы да мынадай бір хауып бар. Ол—тұқым себу мөлшерін кемітіп, осының есе-бінен, керекті тұқым мен қолда бар тұқым-ның арасында болған алшақтықты жоюдан-барып туады.

Тұқым себу мөлшерін кеміту зиянды әрі-кешіргісіз іс. Өйткені бұл егіс алаңында-егін сабағының санын азайтады. Егіс сел-дір алаңда қорек заттары нашар пайдала-нылады, түрлі арам шөп көп өседі және-жердің ылғалы көп жұмсалады.

Әрбір гектар жерге егіннен ойдағыдай-өнім алу үшін керекті тұқым мөлшері се-білуге тиіс. Тұқым себу жөнінде тағайын-далған мөлшерді қатты қолдану егіннен-мол өнім алу үшін күрес жолында аса ма-ңызды шарт болып саналады. Тұқым себу-мөлшерін кеміту хауыпқа қарсы батыл кү-рес жүргізіп, одан алдын-ала сақтану ке-рек.

1945 жылғы жазғы егіс тұқымы жөнінде-айтумен қатар, 1916 жылғы керекті егіс тұ-қымы жөнінде де қазіргі алаңда әзірлі-жасау қажет болады. Бұл—жер мен тұқым-ды іріктеп алғанда ең жақсы жер мен са-палы тұқымды тұқым учаскелеріне арнау-керек деген сөз.

Баска мектептерде де жағдай оңир емес. Бұдан обкомнің, облыстық совет атқару комитеті мен облыстық жер бөлімінің механизмдерін қызметкерлерін дайындау мәселесімен іс жүзінде шұғылданып отырғандығы көрінеді. Механизатор қызметкерлерін дайындау және қайта дайындау жұмысы, партия, совет ұйымдарының және ек алдымен жер орындарының алдың қойылған зор және аса маңызды міндет деп ұғыну қажет.

(Жалгасы 3-бетте).

# Ж. Шаяхметов жолдастың сөзінің соңы

(Басы 1-2-беттерде).

Облыстың басшы орындарының міндеті—зметкерлер әзірлеудегі бұл елеулі кемшіліктерді дереу жою, оқу сапасын неғұрлым арттыру үшін механизация мектептері мен курстарды не керектің бәрімен қамтамасыз ету, сөйтіп, тракторшыларды комбайншыларды, трактор бригадаларының бригадирлерін және басқа механизатор қызметкерлерін дайындау ісінің жоғары сапалы болуын қамтамасыз ету болып саналады.

## Колхоз председателдері және колхоз қызметкерлерінің оқуы жөнінде

Колхоздардың басшы қызметкерлерінің оқуы, дайындау және тәрбиелеу-өсірілуінде бірсыпыра елеулі кемшіліктердің болуы себепті бұл мәселеге әдейі тоқталу керек болады.

Партия мен үкіметіміз колхоздардың басшы қызметкерлеріне әр қашанда ерекше назар бөліп келеді. Колхоздардың басшы қызметкерлері—еліміздің алтын қоры.

Председатель қандай болса, колхоз да олай болады. Ауыл-деревняда осылай іледі. Бұл мақалға айналған іс әрі өте маңызды.

Колхоз председателі колхоз өндірісінің негізінде негізгі қызметкері болып саналады. Егіннен мол өнім алу ісінің табыс болуы және мал шаруашылығын өркендету жөніндегі мемлекеттік жоспардың тіксіз орындалуы оның саяси және ұйымдастырушылық қабілетіне, оның жеке қызығушылығына және адамдарды ұйымдастыра білуі іскерлігіне тікелей байланысты.

Қ(б)П Орталық Комитеті «Қазақстан» Орталық Комитетінің жұмысы туралы 1944 жылғы 1 апрельдегі қаулысында «Қ(б)П Орталық Комитетінің X пленумы колхоз председателдерін жаппай оқыту алу әдісін қатты сынап, колхоз председателдерін дұрыс іріктеп алу, қызығушылығын арттыру, олардың ұйымдастырушылық қабілетін арттыру, олардың шаруашылық жағынан неғұрлым нығайтуының негізгі шарты болып саналады» есептеді.

Бұл бар мәліметтер, бұл аса маңызды іс оның облыста ойдағыдай емес екендігіне шаптырады. Облыстың бірсыпыра ауданында колхоз председателдерін орнықтыру әдісі әлі жойылмай келеді. Бұл әдіс мынадай деректер келтірудің өзіне кеткілікті: 1944 жылы облыста 83 колхоз председателі қызметінен ауыстырылып, 69-ының ішінде 29 адам жұмысты аталмады деп орнынан алынған, 9 адам алмады, тағы басқа сөзбен 17 адам егіннен алынған, 18 адам басқа қызметке ауыстырылған.

Бұл жөнінде яғни колхоз председателі орнынан алу жөнінде, былайша айтсақ, Макин ауданы бірінші орын алды. Бұл ауданда 1941 жылы колхоз председателінің 60 проценті, 1942 жылы—72 проценті, 1943 жылы—53 проценті және жылдың 11 айында 40 проценті ауыстырылды.

Колхоздардың жеке председателдерінің негізгі алынатын басқа қызметке ауыстырылуы дұрыс емес деуге болмайды. Мемлекеттің көздел колхозшылардың өзіндік қолхозды нығайту, мемлекет міндеттерін орындауды көздемейтін қабілетсіз қызметтен босатуды талап ететіндігі.

Бұл мүддесіне шексіз берілген, өндіріс-тіктерді ұйымдастырушысы, шаруаға қажет және колхозшылар бұхарасын тәртіпті білетін адам ғана колхоз басшысы болуы тиіс.

Егіннен колхоз председателдері бұл еге өздігінен жетпейді, оларды тәрбиелеу керек болады. Колхоз басшыларын

қамқорлықпен тәрбиелеп, бағалай білу керек.

Бірақ ауданның кейбір басшылары бұл ахикатты түсінгісі келмейді. Олар колхоз басшыларына әлдеқашан мінеліп-сыналған әдіспен басшылық жасайды. Олар колхоз басшыларына қоқан-лоқылқ істейді, қызметінен адамын, сотқа беремін, жауапқа тартамын деп қорқытады. Колхоз председателдеріне осылай дұрыс көз қарас жасамау әдісін батыл жою қажет.

Партия және совет ұйымдары колхоз председателдеріне дұрыс және өте орынды талап қоюға, сонымен қатар олардың ролін арттыра білуге тиіс.

Колхоздар және олардың басшылары ойдағыдай басшылық жасауды керек қылады. Колхозшылар ең алдымен қатаң тәртіп орнатылуын, олардың істеген еңбегінің көп еңбекжұю алу жөнінен ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, егіннен мол өнім алу, малдың өнімін арттыру өз еңбектерінің ықпалы бағалануы, қоғамдық еңбекте экономика жағынан ынталылықтың қабілетсіз басшылық жасалу салдарынан кемісуі, қайта үнемі арта түсуі жөнінен де нәтижелі болуына сай тәртіп орнатылуын тіледі.

Колхоздардың басшы қызметкерлерін олардың егіннен мол өнім алу және мал басын көбейту ісіндегі басымына адалдық пен және саналылықпен қарауы рухында тәрбиелеуді партия және совет ұйымдары өздерінің аса маңызды ісі деп есептеуге тиіс.

Бұл істе колхоз қызметкерлерінің іскерлігін арттырудың ерекше маңызы бар. Мемлекеттің, колхоздар мен колхозшылардың тұрмыс мүддесі колхоз қызметкерлерінің мамандығын үздіксіз арттыруды қатты талап етеді. Өйтпейінше колхоздардың ұйымдастыру-шаруашылық жағынан барған сайын нығайту жөнінде де, егіннің шығымын және мал шаруашылығының өнімін арттыру жөнінде де сөз болуы мүмкін емес.

Осыған байланысты, Қ(б)П Орталық Комитеті колхоз қызметкерлерінің, ең алдымен колхоз председателдерінің оқуын ұйымдастыру туралы арнаулы қарар қабылдады. Үстеміздің жылғы колхоз басшыларының айлық курстарда оқып шығуына мүмкіншілік жасау қажет. Курстардың оқу жоспарларында олар үшін аса маңызды тақырыптар: Ұлы Отан соғысы және колхоздардың міндеттері, ауыл шаруашылық артелінің Уставын талдап үйрену, колхоздарда еңбек ұйымдастыру және колхозшылардың еңбегіне ақы төлеу жөнінде оқу өткізіледі.

Егіннің шығымдылығын арттыру, колхоздарда тұқым шаруашылығын жақсарту, машиналар мен құрал-сайманды әзірлеу, техникалық жағынан куту және жұмысқа пайдалану, трактор құрылысымен танысу, көктемгі егіске әзірлену және басқа мәселелерге зор көңіл бөлінгені отыр. Колхоз председателдерінің оқуына басшылық жасау ісін облыстық партия комитеті және Жанбасов жолдастың өзі тікелей қолға алуға тиіс.

## Агрономдардың атқаратын ролі

Агрономдардың алтын орны жоқ бірнеше сөз. Агроном-ауыл шаруашы өндірісінің ұйымдастырушысы. Алайда уақытта, агрономның атқаратын ролі кеміп кетті. Бұған бірталай себептер әкелді. Бірсыпыра агрономдар егіннен мол өнім алу ісінде өздері белсенділік жасамай, тәжірибелі қарт колхозшылар берген кеңесіне кейде құлақ аспай жүр, сөйтіп өзінің колхозшылар алдында беделін кемітіп жүр.

Бірақ, ауданның ұйымдар бірталай де агрономдарға түрлі кеңсе жұмысы мәлімет жинау міндетін жүктеп отырып мәліметтер мен кеңсе жұмысы кейбір агрономдар тіпті дағдылап, Агрономия мәселесі жөнінде өзін кейде оны шақырып алатын, оның бір қап қағазды арқалып өткізгенін көресін.

Сыяқты кемшіліктерді мүлде жою Ауыл шаруашылық өндірісін, егін, көктемгі егіске әзірлік жұмысын астыруда агрономдар өздерінің ар-қанына ие болуға тиіс.

Агроном бұл жұмысты әрбір колхозда 1945 жылдың егісіне арналған жерді талдап көру және іріктеп алудан бастап, егіннен мол өнім алу үшін тыңғылықты күрес жүргізуге, бұл жұмысты егіннен мол өнім алу үшін түйін шешетін басқа шаралардың бәрімен тығыз ұштастыра жүргізуге тиіс.

Жолдастар! Алға қойылған бұл барлық міндеттерді орындау жолында ешбір кедергі, қиыншылық кездеспеді дейтін болсақ, мұнымыз кешігісіз қателік болар еді.

Егіннен жоғары өнім алуға бағытталған шаралар сақдай-сай болғанын өзінде жұмыста бірталай қиыншылықтар кездесетіндігін ерекше атап көрсету керек болады. 1945 жылы, арам шөп басқан ескі жерге егін егуден мүлде тыйылуға, арам шөпке қарсы күрес жариялауға, бұл үшін тың және тыңайтылған жер жұртуға тиіс екендігіміз, мұның көп күш-қайрат, қаржы жұмсау керек ететіндігі себепті бұл қиыншылықтарды жеңу қиындағалы отыр.

Сталин жолдас Ұлы Октябрь социалистік революциясының 27 жылдығы туралы 6 ноябрьдегі баяндамасында былай деді:

«Майданға көмекті неғұрлым көп беру үшін совет адамдары өздерінің көп қажетін өтеуден тартынды, тұрмыс жөніндегі елеулі мұқтаждыққа саналылықпен көнді. Қазіргі соғыстың бұрын болып көрмеген қиыншылықтары совет халқының қайтпас жігерін, ерлік рухын мұқата алмады, қайта оған сайын шынықтырды. Халқымыз қаһарман халық деген орынды даңққа ие болды».

Жолдастар! Кемелгер Сталиннен осындай жоғары мақтау алған халқымыз қиыншылықтың қандайын болса да жеңе алады.

Партия және комсомол ұйымдарының, әрбір коммунист пен комсомол мүшесінің негізгі және ең басты міндеті—Сталин жолдастың тарихи баяндамасын колхозшыларға күнбе-күн талдап түсіндіріп, қиыншылықтарды, ең алдымен егіннен мол өнім алу жолында кездескен қиыншылықтарды жеңу ісін колхозшылар бұхарасын жұмылдыру болып саналады.

Партия және комсомол ұйымдарының екінші бір міндеті—көктемгі егіске әзірленуге байланысты барлық шараларды, әсіресе жерді іріктеп алу, тұқым күйу және оны тазарту, тракторларды, тіркеу саймандарын және ауыл шаруашылығының тағы басқа құрал-саймандарын жөндеу, механизатор қызметкерлерін әзірлеу, жұмыс көлігін күту, қысқы агротехниканы жүзеге асыру сияқты аса маңызды шараларды орындау жолында жігерлі ұйымдастырушы бола білу болып саналады.

Партия және комсомол ұйымдары көктемгі егіске әзірлену және оны өткізуге байланысты барлық міндеттерді жігерлікпен батыл шешуге тиіс. Бұл үшін өте-өте жігерлі болу керек, барлық мәселелер жөнінде жоғарғы орыннан нұсқау келуін күтпей-ақ, қандай жағдайда болсын барлық мәселені олардың өздерінің шеше білуі керек.

Колхозшылармен жиі-жиі ақылдасып отыру қажет.

Партиямыз және Сталин жолдастың өзі бұқараны үйрету керек, сонымен қатар бұқарадан да үйрену керек деп бізді үйретіп келеді.

1945 жыл Қ(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельдегі қаулысы мен Қ(б)П Орталық Комитеті X пленумының республика ауыл шаруашылығында болған кемшіліктерді жою, ауыл шаруашылық егістерінің шығымдылығын арттыру, астық өнімін көбейту, әрбір колхоздың мемлекет алдындағы өз міндеттемелерін орындауына жетісу және колхозшылар еңбек күнінің бағасын арттыру туралы қаулысын орындау үшін бұрынғыдан да қызу күрес жүргізу жылы болуға тиіс.

1945 жыл егіс даласын арам шөптен тазарту жылы болуға тиіс. Бұл аса маңызды және бұлжымас шартты—ауыл шаруашылық облысы болып саналатын Ақмола облысының барлық облыстық және аудандық ұйымдары егіннің арам шөптен таза жерге егілуі үшін істі өз қолдарына алған күнде ғана ойдағыдай орындауға болады.

Егіннен мол өнім алу ісін облыстық және аудандық ұйымдардың қайсысының болсын қатысы бар. Сондықтан олар бұл міндетті орындау ісін белсене қатысуға тиіс.

Қазақ халқы үшін 1945 жылдың ерекше саяси маңызы бар. 1945 жылдың октябрьде қазақ халқы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының құрылғанына 25 жыл толуын мерекелейді.

Бұл тарихи күнге біз зор табыстармен келуге тиіспіз. Бұл мерекені егіннен мол өнім алумен қарсы алу үшін жаппай қозғалысты қазірден бастап өрістетуге қажет. Бұл міндетті біз қайткен күнде де мүлтіксіз орындауға тиіспіз.

Газеттер мен радио алдыңғы қатарлы адамдардың іс тәжірибесін кеңінен жариялап, кемшіліктерімізді батыл сынау арқылы зор жұмыс істеуге тиіс.

Жолдастар, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, егіннен мол өнім алу және егіннің арам шөбін жою жолындағы жорыққа аттанайық!

Шешуші жеңістерге жету үшін алға ұмтылайық!

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдас жасасын! (Қол шапалақтау).

## Карель-Фин ССРна, оның финдер тонап әкеткен бағалы заттары қайтарылып берілуде

ПЕТРОЗАВОДСКІ, 26 декабрь. (ТАСС). Финляндиядан Ағаш заводтары үшін жабдық, әдебиет кітаптарын, Лабораториялар үшін Физикалық және техникалық құралдар тиеген 8 вагон келді. Карель-Фин ССР

## АСТЫҚ—ЖЕҢІС ҚҰРАЛЫ

## ЖЕҢІС ҚОРЫНА

Преснов ауданының колхозшылары Қызыл Армияның астық қорын молайта беру үшін өздерінің еңбекпен тапқан астықтарын жан жеңіс қорына үлес қосуда.

Қызыл Армия қорына «Үлгі» колхозы (председателі Қасенова жолдас) жоспардан тыс 500 пұт астық өткізіп, қазір колхозшылардың жеке меншіктерінен астық тапсырып жатыр. Қазірдің өзінде бұл колхоздың колхозшылары жеке меншіктерінен жеңіс қорына 100 пұт астық өткізді.

Ауданның басқа да колхоздары жеңіс қорына астық өткізіп жатыр. Қызыл Армия қорына «Восход» колхозының мүшелері жеке меншіктерінен 120 пұт, «Труд гурток» колхозының мүшелері 100 пұт астық тапсырды. Осы колхоздың мүшесі Житеро Яков 6 пұт, Кубрушко 5 пұт және Карбов, Аврашкин, Крамашенко жолдастар жеңіс қорына өз меншіктерінен 3 пұттан астық өткізді.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

\*\*\*

Октябрь ауданының бірсыпыра колхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындап, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс едәуір астық тапсырды. Аудан колхозшылары өздерінің еңбекпен тапқан мол дәулеттерінен жеңіс қорына еселеп мол астық тапсыруда.

«Новая жизнь» ауыл шаруашылық артелінің колхозшылары мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындап, жеңіс қорына өз меншіктерінен 90 пұт астық тапсырды. Сол сияқты, «Еңбек» колхозының колхозшылары Қызыл Армияның астық қорын молайта беру үшін өздерінің жеке меншіктерінен 30 пұт астық тапсырды.

Т. УӘЛИЕВ.

## Колхозшылардың отаншылдығы

Преснов ауданының колхозшылары Қызыл Армияның астық қорын молайта беру үшін жеке меншіктен астық тапсыру жұмысын өрістетуде.

«Путь к коммунизму» колхозының (председателі Савин жолдас) колхозшылары жеңіс қорына 64 пұт, «Сарман» колхозының мүшелері—81 пұт, «Тау ағаш» колхозының мүшелері—75 пұт астық өткізді.

Қызыл Армия қорына колхозшылардың жеке меншіктен астық тапсыруы жөнінде игілікті іс бастаған киrowшілердің үндеуі «Айымжан» және «Орталық» колхоздарының мүшелері арасында зор қолдау туғызды. Бұл колхоздардың колхозшылары жеке меншіктерінен жеңіс қорына 220 пұт астық тапсырды.

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ.

## Тапсырма артығымен орындалуда

Көктемгі егіске керекті машина-саймандарды тез жөндеу үшін күресте Преснов МТСның жұмысшылары өзара социалистік жарысқа түсті. Жұмысшылар жұмыс жоспарын артығымен орындап жүр. Слесарь Топоров машина-саймандарды жөндеуде күнделік тапсырманы 153 процент, жұмысшы Чайко-186 процент орындауда.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

на, оны оккупациялау кезінде финдер тонап әкеткен өнер кәсіп жабдықтары мен мәдени бағалы заттары үздіксіз әкелініп беріледі. Қазірдің өзінде мұндай жүк тиеген 18 вагон келді. (ТАСС).

# ВЕТ ХАБАРШЫ БЮРОСЫНАН

28 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

декабрьде Венгрия жерінде ДБЕНДБЕШ қаласының солтүстік-батыс жағында еріміз дұшпанның қарсылығын жеңіп, СЕЧЕНЬ қаласы мен темір жол станциясы, сыяқты ШАДГО, ЗАДВА, РОНА, КАРАНЧАЛИА, ЕТЬЕШ, НАДЬЕЦ, Я қыстақтарын алды.

хословакиядағы ШАХЫ қаласының солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз тау аңды жерлердің қиын жағдайында қыймыл жасай отырып, ТРЕБУШОВЦЕ, ДУРКОВЦЕ, ЧЕЛОВЦЕ, ОПАВА, ГУШОВ, ФЕДИМЕШ қыстақтарын алды. Бірге, ШАХЫНЫҢ оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз қатты ұрыстар сінде ИПЕЛЬ және ГРОН өзендерінің аралығындағы ауданды дұшпаннан тастап, сөйтіп ПАСТОВЦЕ, ДАРМОТКИ, ПАЛД, САЛКА, ЛЕЛЕД, ХАЛЕМБА, НД, ГАРАМ, КЕВЕШД қыстақтары мен ХАЛЕМБА, КОВАЧПАТАК темір жол станцияларын алды. Сонымен, әскерлеріміз ЛЕВИЦЕ қаласынан ДУНАЙҒА ДЕ-ОН өзенінің шығыс жақ жағалауына шықты.

декабрьдегі ұрыстарда ДБЕНДБЕШТІҢ солтүстік-батыс жағындағы және ЛЫНЦ оңтүстік-батыс жағындағы аудандарда әскерлеріміз немістер мен венгрлерден 2200 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

УДАПЕШТ ауданында әскерлеріміз дұшпанның қоршауға алынған әскер тобын көнінде ұрыстар жүргізе отырып, ДУНАЙДЫҢ шығыс жақ жағалауында қала маңы ДУНАКЕСИ, АЛАГИВИЛЛА, АРПАД, ЦИНКОТА, ПЕЦЕЛЬ, РАКОШЧА АКОШЛИГЕ, РАКОШКЕРЕСТУР, ПЕШТСЕНТЛЕРИНЦ, ПЕШТСЕНТЬМРЕ, АШИ, ДИАЛ қыстақтарын алды. Мұнымен бірге, әскерлеріміз ДУНАЙ сағана БУДАПЕШТІҢ солтүстік жағындағы таулы-орманды ауданда қоршауға алынған дұшпанның әскер бөлімдерін жою жөнінде ұрыстар жүргізді, сөйтіп ПИШСЕНТ СТ қыстағын алды. ПИШСЕНТКЕРЕСТ қыстағы үшін болған ұрыстарда венгрлерден 600 адамнан құралған бір топ солдаттары мен офицерлері қолға түсірілді, ішінде бір генерал, 8 полковник пен 18 офицер қолға түсірілді.

ЕКЕШФЕХЕРВАР қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз ВЭРТЭШХЕДЬ-ЕГІ таулы-орманды ауданды дұшпаннан тазартып, НЕСМЕИ, АГОСТИАН, ТАШ, ШАРКЕРЕСТЕШ қыстақтарын алды. СЕКЕШФЕХЕРВАР қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз ПОЛГАРДЬ қаласы мен темір жол станциясын және ЕСИ, ШАРКЕСИ АЛЬШО, НАДАШДЛИДАНИ, ИЕНЕ, ЭРЖЕБЕТ, ШАН-А қыстақтарын алды.

7 декабрьдегі ұрыстарда бұл ауданда әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 694 мың мен офицерін қолға түсірді.

айданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті қарулы күштеріміз ұрыстар болды.

декабрьде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 49 танкін қыйратты. 4. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 22 самолёты атып іді.

\*\*\*

ословакияда Шахы қаласының солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз шауыстарын жүргізуде болды. Н. құрамы бөлімдері немістерді қалалардағы бекіністі шептерден қуып шығарып, өзендерден өтті, сөйтіп, 10 кило алға басты. Ұрыстардың барысында итальяндай гитлершілдер, дұшпанның бірегі мен 3 миномет батареясы жою.

\*\*\*

апешт ауданында әскерлеріміз дұшпанға қоршауға алынған әскер тобын жөнінде ұрыстар жүргізді. Совет бөлімдері гитлершілдердің тіректі бекіністеріне шабуыл жасап, қоршау шеңберін түсуде. Дунайдың шығыс жақ жағалауында дұшпан қала маңындағы 12 қыстақ, оның ішінде Венгрия астанасының солтүстік-шығыс жағында 5 километр жерде Пештсентлеринц поселкесінен қуып шығарды. Жау орасан көп шығынға ұшырады. Ұрыстар болған жерде гитлершілдердің өліктері, дұшпанның қыйратылған жарақаттары мен техникасы тау төбесіне ұйылып қалды. Будапештің солтүстік жағында таулы-орманды жерде қоршауға алынған әскер бөлімдері батысқа қарай кету үшін жанталай әрекеттенді. Бір кезде бір батальон неміс жалау әскерлерінің көмегімен қарсы атакаға шықты. Гитлершілдер артиллерияларымыз минометтерімізден нәсірлестіріп оқ жаулауына кез болды. Жаудың басым көпшілігі жойылды. Екінші бір учаскеде жаяу әскерлеріміз дұшпанның 2 рота әскерлерін шабуыл жасады. Жау қару тастап қол берді.

ауға қарсы ұрыстарда совет жауынгерлерінің теңдесі жоқ ерлік және әскери жоғары көрсетуде. Гвардия қатардағы жауынгер Қуттай Қалиев танкке қарап отырып, немістердің өздігінен кетіп қалғанын, оның адамдарымен қоса атып жіберді. Гвардия сержант Матюм

танкке қарсы мылтықтан оқ атып, немістердің 2 танкін қыйратты. Гвардия старшина Бессаровтың зеңбірек есебі немістердің «Король жолбарысы» деген ауыр танкін Лейтенант Дудиктің атты әскер эскадроны дұшпанның тылына өтіп, немістердің автоколоннасына тап берді. Совет атты әскерлері 40 гитлершілді жойып, жаудан 6 автомашинна және адамдар қолға түсірді. Пулеметші Политов жаудың қарсы атакасын тойғара отырып, 15 немісті қырып салды. Гвардия қатардағы жауынгерлер Томш мен Мудренко немістердің штабтық жеңіл автомашинасын қолға түсіріп, онымен келе жатқан неміс офицерін, маңызды докумендтермен қоса қолға түсірді.

\*\*\*

Секешфехервар қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Дунайдың оңтүстік жағалауы бойымен алға басушы совет жаяу әскерлері, танкшілері мен артиллерияшылары ұрыспен алға басуда болды. Бір ауданда танктеріміз дұшпанның әскер тобына тұтқыйылдан тап берді. Үрейленіп берекесі кеткен гитлершілдер талқандалды. Немістерден 56 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, оның ішінде толық бүтін 26 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 35 дала зеңбірегі және басқа олжа қолға түсірілді. Екінші бір учаскеде совет бөлімдері қауырт алға басып, жаудың Таварош селосындағы гарнизонның талқандалды, сөйтіп немістердің күшті тіректі қорғану бекінісі—Тата қаласының шет аймақтарында ұрыс бастады. Н. құрамасының атты әскерлері Вэртешхедьеш орманды тауларын жаудан тазартып, немістердің 600дей солдатты мен офицерін қолға түсірді.

\*\*\*

Қызылтулы Балтық флотының кемелері Балтық теңізінде немістердің 10 мың тонналық транспортын суға бағырды.

қаласы, Ленин көшесі, 12, Полиграфия

## ССРО Халық Комиссарлары Советінде

ССРО Халық Комиссарлары Советі трактор жөндеудің 1944 жылғы октябрь және ноябрь айларындағы жоспарларын орындау жөнінде облыстардың, өлкелер мен республикалардың Бүкілодақтық социалистік жарысының қорытындыларын қарап, мына облыстар мен республикаларды социалистік жарыста озып шықты деп таныды, сөйтіп мынадай қаулы алды:

Мына облыстар мен республикаларға Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл тулары тапсырылып, ақшадай сыйлықтар берілсін:

Украин ССР-нің Сталин облысына Орел облысына, Ярославль облысына Москва облысына, Өзбек ССР-на.

1944 жылдың октябрь және ноябрь айларында трактор жөндеу жоспарын орындаған мына республикалар мен облыстар атап көрсетілсін:

Азербайжан ССР, Армян ССР, Калинин облысы, Ворошилов, Днепропетровскі, Киев, Сумы облыстары, Украин ССР, Қазақ ССР-нің Карағанды, Қызылорда, Қостанай және Павлодар облыстары, Қырым АССР, Якут АССР.

## ССРО мен Француз Республикасы арасындағы одақтасу туралы шартты ССРО Жоғарғы Советі Президиумының бекітуі

1944 жылғы 25 декабрьде ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Француз Республикасы арасындағы одақтасу және өзара көмектесу туралы 1944 жылғы 10 декабрьде қол қойылған Шартты бекітті.

## ССРО Халық Комиссарлары Советінде

ССРО Халық Комиссарлары Советі 1945 жылғы 1 январьді жұмыс күні емес деп есептеуге қаулы алды.

## Еліміздің таңдаулы конькишілерінің жарысы

Қиғате еліміздің таңдаулы конькишілерінің жарысы аяқталды. Конькиші Игорь Иполитов 1500 метр қашықтыққа 2 минут 20,2 секунд уақыт жүріп, өзінің асқан шеберлігін көрсетті. 3000 метрлік қашықтықтан Ленинград конькишісі Петров озып шықты. 1000 метрлік қашықтықтан Әйелдерден конькиші Исакова бірінші болып келді.

Екі күндік жарыстың қорытындысында еліміздің таңдаулы конькишілеріне мынадай орын берілді: ерлер арасынан бірінші орынға Игорь Иполитов (Москва), екінші орынға—Петров (Ленинград) ие болды. Әйелдерден бірінші орынды Исакова (Москва), екінші орынды—Холцевникова (Москва), үшінші орынды—Чернева (Ленинград) алды.

(ТАСС).

Петропавл станциясының техникалық темір жол мектебі станция дежурныйларын дайындайтын курсқа оқушылар қабылдайды. Оқу мерзімі 6 ай. Курсқа 17 жастаң жоғарғы, 7 класстық білімі бар жастар қабылданады. Осы мектеп жанынан бухгалтерлер дайындайтын курс ашылады. Бұл курсқа 16 жастаң жоғары, ең кем дегенде

«УДАРНИК» кино-театрында Бүгін және күн сайын

«РЕСЕЙ ТУРАЛЫ ЖЫР»

деген көркем суретті дыбысты Американың фильмі көрсетіледі.

Сеанстар кешке сағат 6-8-10-да басталады.

Касса күнлізгі сағат 3тен бастап ашық.

## Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 28 декабрь. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген:

Голландияда одақтастар әскерлері Тилбургтің солтүстік жағында және Вентермис солтүстік жағында Маас өзенінің бойындағы ауданда дұшпанға қарсы ойдағыдай ұрыстар жүргізуде болды. Граймелл мен Манэде қатты ұрыстар болып жатыр. Одақтастар әскерлері Дьернеден солтүстік-батысқа қарай және Юнен маңында (Бельгияда) екі миль жерде немістердің қатты атықаларын тойтарды. Дұшпанның алдыңғы бронетанк бөлімдері Селль бағытында ауыр шығынға ұшырады.

Оңтүстік жақтан шабуыл жасаушы одақтастар әскерлері Бастоньді өз қолдарында ұстап тұрған әскерлермен байланыс жасады. Бастонь секторында қоршауда болған одақтастардың әскер бөлімдері жауды орасан көп шығынға ұшыратты. Бастонь оңтүстік-шығыс жағындағы ауданда одақтастар әскерлері Инзенборнды (Люксембургта) дұшпаннан тазартты, сөйтіп, үш жерде Сур өзенінен өтті. Қатты ұрыстан кейін Эшдорц дұшпаннан тазартылды. Рейгел маңында жаудың жаяу әскерлерінің әлсіз қатты атакасы тойтарылды. Эхтернахтың солтүстік-батыс жағында одақтастар әскерлері Бофорды қоршауға алып, Бердорфты дұшпаннан тазартуда.

Одақтастар авиациясының ірі құрамалары өз әскерлеріне белсене жәрдемдесуде, сөйтіп, жаудың соғыс орындарына әлденеше рет шабуыл жасады. Әуе ұрыстарында дұшпанның 90 самолёты атып түсірілді.

ЛОНДОН, 28 декабрь. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген. Италияда, Серкьо өзенінің алқабында дұшпан атака жасауда болды, осының нәтижесінде одақтастардың алдыңғы бөлімдері бір аз кері шегінді. Майданның басқа учаскелерінде күзет әскерлері қыймыл жасады.

Авиация дұшпанның Австриядағы, Югославия мен Солтүстік Италиядағы маңызды соғыс орындарын бомбалды.

## Америка және Англия армиясына әскер алудың көбеюі

ВАШИНГТОН, 23 декабрь. (ТАСС). АҚШтың соғыс министрлігі өзінің армияға әскер алуды январь мен февральда айына 60 мыңнан 80 мың адамға дейін көбейтуді ұйғарғандығын жариялады.

ЛОНДОН, 23 декабрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, үкіметтің таңдауға айларда майданда солдаттардың қосымша тобын пайдалануды ұйғарғандығы кеше ресми түрде жарияланды. Армияға алынған адамдардың саны бұрынғы белгіленген жоспардан тыс 250 мыңға жетпек.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

7 класстық білімі бар жастар қабылданады. Бұл курстарға қабылданғандар айына 200 сом стипендиямен, азық-түлік, картоп, қаларымен, асханалармен қамтамасыз етіледі. Курстардың оқуы 1945 жылғы 1 январьда басталады.

Адрес: № 2 Темір жол училищесінің алаңы, 3-үй. Телефон № 130

«ОКТАБРЬ» кино-театрында

Бүгін және күн сайын

«ЛЕРМОНТОВ»

деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешке 6-8-10-да басталады.

Касса күнлізгі сағат 3тен бастап ашық.

УШ 00615

дакцияның адресі: ҚССР Петропавл